



Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы Уақытша ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы 1994 жылғы 16 мамыр N 1699.
Күшін жойды - ҚР Президентінің 2001.03.26. N 575 жарлығымен. ~U010575

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланының қызметтік-

жауынгерлік қызметінің құқылық негіздерін айқындау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы уақытша ереже бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланының Уақытша ережесі мен санын бекіту туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы N 807 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің
1994 жылғы 16 мамырдағы
N 1699 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Республикалық
ұланы туралы
УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы" 1992 жылғы 16 наурыздағы Жарлығына және

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын дамыту тұжырымдамасы туралы" 1993 жылғы 7 желтоқсандағы N 1440 қаулысына сәйкес әзірленген.

Ереже Қазақстан Республикасының Республикалық ұланының /бұдан әрі - Республикалық ұлан/ мақсатын, оның міндеттері мен құқықтарын, жасақтау және әскери қызметті атқару тәртібін, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін айқындайды.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Республикалық ұлан Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес республикадағы мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздіктің қорғалуын және құқықтық тәртіптің сақталуын жүзеге асырады.

Жалпы мемлекеттік мәні бар рәсімдік жоралғыларды, сондай-ақ хаттамалық және дипломатиялық шараларды орындауға қатысады.

2. Республикалық ұлан Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес құрылған және Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын, жеке, ерекше мәртебесі бар әскери құрама және соғыс кезінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің резерві болып табылады. Ұланды тікелей басқару Республикалық ұланның Қолбасшысына жүктеледі.

3. Республикалық ұлан өзіне жүктелген міндеттерді ішкі істер мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен, ішкі және шекара әскерлерімен, ал төтенше жағдайларда міндеттер орындаған кезде - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдерімен тығыз іс-қимыл жасай отырып атқарады.

4. Республикалық ұлан ұйымдық жағынан Қолбасшының Басқармасынан, күшейтілген бригададан, кіші мамандарды даярлау мектебінен және қамтамасыз ету мен қызмет көрсету бөлімдерінен құралады.

5. Республикалық ұланның санын Қазақстан Республикасының Президенті мақсаты мен орындайтын міндеттерін ескере отырып белгілейді және ол қалыптасқан жағдайға қарай өзгеріп тұруы мүмкін.

6. Республикалық ұланның соғыс кезіндегі құрамы мен міндеттерін республикалық қорғаныс туралы заң актілері және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Республикалық ұланда әскери қызмет атқару тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, қолданылып жүрген заңдарымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларының талаптарымен айқындалады.

Ұланның жеке құрамына айырым белгісі беріледі.

8. Республикалық ұланның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің және қызмет атқаруының аса маңызды мәселелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешеді.

9. Қосалқы қызметтердің жұмысын қамтамасыз ету үшін Республикалық ұланға жай азаматтар Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңдарымен белгіленген тәртіппен қабылданады.

10. Республикалық ұланда заңдардың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры әскери прокуратураның бағынысты органдары арқылы жүзеге асырады.

2-ТАРАУ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҰЛАННЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

11. Алдына қойылған мақсатына сәйкес Республикалық ұлан мынадай міндеттерді орындайды:

- республиканың жоғарғы мемлекеттік өкіметі мен басқару органдарын, республика аумағында және одан тыс жерлерде Президенттің, Вице-Президенттің, парламент пен үкімет басшыларының көлік құралдарын қорғайды;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы мен Мемлекеттік елтаңбасының эталондарын күзетеді;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі тізбесін бекітетін аса маңызды объектілерді күзетеді;

- шет мемлекеттер басшыларын қарсы алып, шығарып салған кезде, Қазақстан Республикасының мерекелері мен салтанаттарында салтанатты жоралғыларды атқарады;

- егер құқық бұзушылық мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін болса, онда осы құқық бұзушылықты тыюға қатысады;

- егер Қазақстан Республикасының аумағында Конституцияға қарсы сипаттағы қарулы және өзге әрекеттер жасалатын болса, оларға жол бермейді;

- төтенше жағдай режимі кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шараларды жүзеге асырады.

12. Республикалық ұланға жүктелген міндеттерді орындаған кезде: азаматтар мен лауазымды адамдардан Республикалық ұланның өз міндеттерін орындауына кедергі келтіретін құқыққа қарсы іс-әрекеттерін тоқтатуды талап ету, ал бұл талаптарды орындамаған жағдайда осы заңда көзделген мәжбүр ету шараларын қолдану;

күзетілетін объектілерге жіберерде азаматтар мен лауазымды адамдардан жеке басын куәландыратын құжаттарды талап ету;

күзетілетін объектілерге қол сұғуына байланысты тәртіп бұзған адамдарды ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарына тапсыру үшін ұстау;

Республикалық ұлан күзететін объектілерде көлік құралдары мен тасымалдаудағы жүктерге тексеру жүргізу;

осы Заңда көзделген тәртіп пен жағдайларда қару, әскери техника қолдану, арнаулы құралдар мен қызмет иттерін пайдалану;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қару-жарак, арнаулы құралдар және техника алу құқығы беріледі.

Республикалық ұланның әскери қызметшілері міндеттерін атқару кезінде қолданылуы осы Заңмен айқындалатын табельдік арнайы құралдар мен қаруды сақтауға және алып жүруге құқылы.

13. Республикалық ұлан Қолбасшысына:

- Республикалық ұланға тікелей басшылықты жүзеге асыру;
- Республикалық ұланды ұдайы әскери дайындықта ұстау;
- ұланның қызметтік-әскери қызметіне, оперативтік және әскери даярлығына басшылық жасау, озат тәжірибені енгізу, материалдық базаны дамытып, жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау;

- Республикалық ұланды ұйымдастыру мен оның құрылымы жөнінде ұсыныстар әзірлеп, ұйымдық шаралар жүргізу;

- Республикалық ұланды әскери қызметшілермен шақыру арқылы және контракт бойынша жасақтау жоспарын әзірлеу жүктеледі.

Республикалық ұланның Қолбасшысы:

- Республикалық ұлан Қолбасшының Басқармасы мен құрамаларының штаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін табыс етеді;

- Республикалық ұлан офицерлерінің қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызмет атқару мәселелерін шешеді, құрама командирінің орынбасарына дейінгі лауазымға тағайындайды, оларға полковникке дейін әскери атақтар береді, запасқа немесе отставкаға шығарады. Офицер құрамының адамдарын батальондар командирлерінің және бригада командирінің орынбасарларының лауазымдарына тағайындау, сондай-ақ оларды әскери қызметтен босату Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының келісімімен жүзеге асырылады;

- ұланның әскери қызметшілерін, жұмысшылары мен қызметшілерін мемлекеттік наградаларға ұсынады;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұланның қарулануы /жабдықталуы/ үшін әскери және өзге де техника мен мүлікті қабылдап алады, материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражатын есептен шығарады;

- Республикалық ұланда қызмет етуге /жұмыс істеуге/ ынталандыру сипаты

бар ақшалай үлестің /жалақының/ үстеме түрлерінің бюджеттен бөлінген қаржы шегіндегі мөлшері мен төлеу тәртібін белгілейді. Әскери қызметшілерге, жұмысшылар мен қызметшілерге бір жолғы ақшалай жәрдем көрсетеді;

- бұйрықтар, директивалар шығарады, ұланның әскери және арнайы даярлығының жоспарларын, бағдарламаларын, сондай-ақ нұсқаулар мен ережелерді бекітеді.

Республикалық ұланның Қолбасшысы Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне қолданылып жүрген заңдарда көзделген ретпен тәртіптік билікті қолдана алады.

3-ТАРАУ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҰЛАНДЫ ЖАСАҚТАУ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ ТӘРТІБІ

14. Республикалық ұлан қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әскери қызметке шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтарынан жасақталады.

Оның үстіне Республикалық ұланды офицерлермен, прапорщиктермен / мичмандармен/, сержанттармен және солдаттармен жасақтау нормативтік актілермен белгіленген тәртіппен контракт бойынша ерікті негізде, сондай-ақ Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің кадрлары есебінен жүзеге асырылады.

Азаматтарды Республикалық ұланда мерзімді әскери қызмет атқаруға Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Республикалық ұланға қойылатын талаптарға сәйкес шақырады.

15. Әуе-десант әскерлерінде, теңіз жаяу әскерлері мен арнаулы мақсатқа пайдаланылатын бөлімдерде қызмет атқарып жүрген немесе бұрын қызмет атқарған, денсаулығы мықты және бойы 175 сантиметрден кем емес офицер құрамының адамдарына, прапорщиктерге /мичмандарға/, сержанттарға / старшиналарға/, солдаттарға Республикалық ұланға алдымен алыну құқы беріледі.

16. Республикалық ұланды жасақтаудың жай-күйі мен сапасы, онда қызмет атқару үшін кәсіптік-психологиялық таңдауды ұйымдастыру, жаңадан келген жастарды бөлімшелерге бөлу, әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді дер кезінде және ұйымдасқан түрде босату Республикалық ұланның Қолбасшысына жүктеледі.

17. Республикалық ұланда әскери қызмет атқарған әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет атқарған болып саналады.

18. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланының офицер құрамына атқарып жүрген лауазымына қарай әскери атақтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі осындай лауазымдар жөнінде көзделген әскери атақтардан бір саты жоғары белгіленеді.

19. Әскери қызметті контракт бойынша атқарып жүрген офицер

құрамының адамдарына, прапорщиктерге, солдаттарға, сержанттарға, старшиналарға кезекті демалыс:

а/ Республикалық ұланда 10 күнтізбелік жылға дейін қызмет атқарғандарға - жыл сайын 35 тәуліктік мерзімге;

ә/ Республикалық ұланда 10 жылдан астам қызмет атқарғандарға - жыл сайын 45 тәуліктік мерзімге беріледі.

20. Республикалық ұланға офицерлер даярлау Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің жоғары оқу, әскери-оқу орындарында жүргізіледі.

Прапорщиктер, сержанттар /старшиналар/ және маман-жауынгерлер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің оқу бөлімдерінде даярланады.

4-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ

ҰЛАНЫНЫҢ ӘСКЕР ШАРУАШЫЛЫҒЫН МАТЕРИАЛДЫҚ- ТЕХНИКАЛЫҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ҰЙЫМДАСТЫРУ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21. Әскер шаруашылығын Республикалық ұланның Қолбасшысы ұйымдастырады және оны өзінің орынбасарлары мен қызмет бастықтары арқылы басқарады.

22. Әскер шаруашылығын ұйымдастыру, қару-жарақты, техниканы, мүлікті және басқа материалдық құралдарды есептеу мәселелері жөнінде Республикалық ұланның лауазым иелері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскер / кеме/ шаруашылығы туралы ережесін басшылыққа алады.

23. Республикалық ұланды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін өнім сатып алу мен беріп тұрудың, жұмыстары /қызметтерді/ атқару тәртібі туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 58 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдар Республикалық ұланның құрамаларына әскери қалашықтар, үй-жайлар мен ғимараттар үшін, атыс алаңдарын, оқу орталықтарын жасақтау, қосалқы шаруашылықтар құру және басқа да объектілер үшін Қазақстан Республикасының жер пайдалану заңдарына сәйкес құқығын бекітіп, жер учаскелерін бөліп береді.

Әскери құрамаларды орналастыру үшін пайдаланылатын әскери қалашықтар, үй-жайлар мен ғимараттар салу, оларды күрделі жөндеуден өткізіп, коммуналдық қызмет көрсету ісі Республикалық ұланға бөлінген бюджет қаржылары есебінен жүргізіледі.

Тапсырмаларды орындау мақсатында облыстар аумақтарында уақытша жүрген ұлан құрамалары жайғасып орналасу үшін тұрғын үймен, коммуналдық қызметпен, байланыс жүйелерімен және арналарымен, автокөлікпен, жағар және жанар маймен, қосымша тағаммен республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы есебінен қамтамасыз етіледі.

24. Үй-жайларды, ғимараттарды, коммуналдық шаруашылықты, тұрғын және қызмет үйлерін, инженерлік желілер мен коммуникацияларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, күтіп ұстау және жөндеу, жеке құрамның қызметтік және мәдени-тұрмыстық қажеті үшін жиһаз бен құрал-сайман сатып алу ісін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери сауда басқармасы мен республикалық сауда- жабдықтау органдары мақсатқа сай жүзеге асырады.

II. АВТОТЕХНИКАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

25. Республикалық ұланның лауазымды адамдары автотехникамен

қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қарулы Күштердің Автомобиль қызметі жөніндегі нұсқамасын басшылыққа алады.

26. Машиналарды пайдалануды жақсарту және пайдаланған кезде мемлекеттік қаржы жұмсалуды айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен автомобиль техникасының моторесурстарын жұмсаудың жылдық нормасы белгіленеді.

Моторесурстарды жұмсауды негізгі жылдық нормалары бір машинаға былайша белгіленеді:

| | | |
|--|--|-------------------|
| Машиналардың түрі, моторесурстардың | | Пайдалану топтары |
|--|--|-------------------|

| | | | | |
|---------------|--------|--------|----------|-------------|
| өлшем бірлігі | әскери | саптық | көліктік | оқу-жаттығу |
|---------------|--------|--------|----------|-------------|

Автомобильдер

| | | | | |
|-------------|------|------|-------|-------|
| жеңіл, км | - | - | 30000 | 24000 |
| жүк, км | 2000 | 3000 | 30000 | 24000 |
| арнаулы, км | 2000 | 3000 | 7000 | 16000 |

олардың ішінде:

| | | | |
|--|---|---|-------|
| жолаушылар таситын автобустар мен шағын автобустар, су және азық- түлік таситын автомобильдер, авторефрижераторлар | - | - | 36000 |
|--|---|---|-------|

Қалған техникаға моторесурстар жұмсаудың жылдық нормасын айқындаған кезде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бұйрығы басшылыққа алынсын.

III. ЖАНАР-ЖАҒАР МАТЕРИАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

27. Жанар-жағар материалдармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін жанар-жағар материалдармен қамтамасыз ету туралы ережеге сәйкес ұйымдастырылады. Жанар-жағар материалдар мен арнаулы сұйықтарды жұмсау нормасы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қолданылып жүрген нормативтік актілеріне сәйкес белгіленеді.

IV. АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖАБДЫҚТАУ

28. Республикалық ұланның жеке-құрамын азық-түлікпен жабдықтау Қарулы Күштерді бейбіт уақытта азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы ережеге сәйкес солдаттар, сержанттар, прапорщиктер мен офицерлер үшін бірыңғай норма бойынша ұйымдастырылып, осы норма бойынша отбасы мүшелерін есепке алмай азық-түлік үлесі ай сайын беріліп отырады:

күрғақ тағам - N 10 норма бойынша

негізгі тағам - N 1 норма бойынша, тәулігіне қосымша:

ет - 15 г

жартылай қақталғаны - 50 г.

ірімшік - 25 г.

кофе сусыны - 2 г.

қойылтылған сүт - 20 г.

V. КИІМ-КЕШЕК ЖӘНЕ МОНША-КІР ЖУУ ҚЫЗМЕТІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

29. Жеке құрамды киім-кешекпен және монша-кір жуу қызметімен қамтамасыз ету Қарулы Күштердің нормаларына қарай ұйымдастырылады: N 1 - солдаттар мен сержанттар үшін; N 21 - жылы киім-кешекпен, жабдықпен және төсек-орынмен жабдықтау; N 22 - жауынгерлік машиналардың экипажы үшін; N 23 - автомобиль техникасына қызмет көрсететін жеке құрам үшін; N 27 - күзет киімімен жабдықтау; N 28 - санитарлық-шаруашылық мүлкімен жабдықтау; N 40 - әуе-десант әскерлерінің жеке құрамын жазғы жабдықпен жабдықтау; N 54 - азық-түлік қызметінде жұмыста жүрген жеке құрам үшін; N 55 - түрлі жұмыстарды атқаруға арналған арнаулы киіммен жабдықтау; N 63,64 - арнаулы жабдықпен жабдықтау; N 66 - құрметті қарауыл роталарының әскери қызметшілерін киімнің ерекше парадтық нысанының жабдығымен

жабдықтау.

30. Құрметті қарауыл ротасы мен оркестрдің қатардағы және сержанттық құрамына кіші офицер құрамына берілуге тиісті матаның сапасына қарай жабдық беріледі.

31. Республикалық ұланның Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен өз нысаны мен айырым белгілері болады.

32. Республикалық ұланның жеңіне тағатын белгісі барлық әскери қызметшілер үшін парадтық-мерекелік, күнделікті, жорықта киетін және арнаулы жабдығының сол қол жақтағы жеңінің сырт жағына тағып жүру үшін белгіленген.

33. Спорт мұқаммалымен, мүлкімен және жабдығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде көзделген нормаларға сәйкес қамтамасыз етіледі.

VI. ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ЖӘНЕ ҚАЗАРМАЛЫҚ МҮКАММАЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

34. Республикалық ұланды жиһазбен және казармалық мүкаммалмен қамтамасыз ету республикалық сауда-жабдықтау органдары арқылы Қарулы Күштер үшін белгіленген нормалар бойынша ұйымдастырылады.

35. Мерзімді әскери қызметке шақырылған ұланның қатардағы және сержанттық құрамы қызмет атқару мерзімі кезінде жатақхана түріндегі үйлерде тұрады.

36. Офицер құрамы, прапорщиктер, мерзімінен тыс әскери қызметшілер, контракт бойынша қызмет атқаратын әскери қызметшілер және әйел әскери қызметшілер тұрғын үймен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

VII. САУДА-ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

37. Республикалық ұланның жеке құрамы мен олардың отбасы мүшелерін сауда-тұрмыстық қызметпен республикалық Сауда министрлігі және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери сауда басқармасы әскери қалашықтар аумағында тұрғызылған сауда-тұрмыстық кешендер арқылы ұйымдастырады.

VIII. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

38. Республикалық ұланның жеке құрамын медициналық қызметпен қамтамасыз ету, медициналық мүлікпен және дәрі-дәрмекпен жабдықтау ісін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне арнаулы медициналық жәрдем көрсету 141-гарнизондық емхана, 1226-әскери госпиталь және республика Ішкі істер министрлігінің госпиталі арқылы ұйымдастырылады.

IX. ҚАРЖЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

39. Республикалық ұланның оперативті-қызмет атқаруға, жауынгерлік әзірлік жүргізуіне, жеке құрамды ақша қаражатымен қамтамасыз етуге, техника мен

қару-жарақты пайдалану мен жөндеуге, шаруашылық, мәдени және басқа қызмет көрсетуге керек қаржыға деген қажеті белгіленген тәртіппен бекітілген сметаға сәйкес қанағаттандырылады. Республикалық ұлан бюджеттен бөлінген қаржы есебінен қаржыландырылады.

40. Ұланның әскери қызметшілері үшін лауазымдық жалақылар мен әскери атағына қарай жалақылар былайша белгіленеді:

офицер құрамының адамдарына үлгілік лауазымдар бойынша белгіленген лауазымдық жалақылардан 20 процент жоғары;

прапорщиктер мен әйел әскери қызметшілерге, әскери қызметті контракт бойынша атқаратын әскери қызметшілерге тарифтік разрядтар бойынша белгіленген лауазымдық жалақылардан 30 процент жоғары;

мерзімді қызметтегі солдаттарға, сержанттар мен старшиналарға ақшалай жалақы екі есе көбейтіледі.

әскери қызметті контракт бойынша атқаратын офицер құрамының адамдарына, прапорщиктерге, солдаттарға, сержанттар мен старшиналарға - әскери атағы бойынша белгіленген жалақылардан 10 процент жоғары.